



Бекітілді
№ 27 «Ақбота» б.б. директоры
Қошкінова Г.М.
№1 педкөнес
31.08.2021 ж.

**Мектепалды даярлық «Ақжелкен» тобының «Ұлттық тәрбие»
вариативті компоненті бойынша перспективтік жоспары.
2021-2022 оқу жылы**

Мақсаты: Ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің ұркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтармен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу.

Міндеттері:

Бүлдіршіндердің ана тілі мен тарихын, мәдениеті мен дінін, салт-дәстүрлерді құрметтеуге және ұлттық интеллектуалдық мінез-құлқын қалыптастыру.

Балаларды ата-бабамыздың ұрпақтан ұрпаққа жалғасып кейінгі жеткен мұрасымен таныстыру.

Балаларды халықтық салт-дәстүрден нәр алып, өсуіне ынабаттылыққа, мейірімді, қайырымды болуға тәрбиелеу.

Түсінік хат

Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие - адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы. Сондықтан еліміздің ертеңгі ұлт тізгінінің ұстар жастарымыздың тәрбиесіне аса мән беру біздің негізгі мақсатымыз. Осыған орай балабақшадағы тәрбие үрдісін ұлттық қағидалармен толықтыру өте қажеттілікті талап етеді. Ендеше рухани-адами салауаттылық жолын қалыптастыру уақыты жеткен тәрізді. Елімізде білім, тәрбие беру саласында ежелден келе жатқан халық тарихының салт дәстүрінің рухани ата - баба мұраларының алатын орны зор. Ұлттық салт - дәстүрді, мәдениет пен өнерді насихаттау - тәрбиенің төресі. Көкпар, бәйге, қыз қуу, тенге алу, аударыспақ, т.б ойындарымыз арқылы қазақи қайнардан тәлім алса ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өседі. Тәрбиеленуші сәбилерді рухани ізгі қасиеттерге баулып, тәрбиенің көздері ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеуге халықтың салт - дәстүрлерін аялай білуге ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу болып табылады. Сәбилердің жас ерекшелігін ескере отырып, елін жерін қорғауда атадан балаға мирас болып қалған тарихын, салт - дәстүрін, ана тілін қастерлеу үлкенге - құрмет кішіге ізет көрсетуін мұра етіп, тәуелсіз еліміздің парасатты, адамгершілігі биік, білімді азаматтарын тәрбиелеуде адами қасиеттерді қамтып, білімді ұлттық қасиетті түсінетін тұлға тәрбиелеу.

Ұлттық тәрбие деп жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз. Қазақ халқының осындай дәріптеуге, қастерлеуге, дамытуға тұрарлық ұлттық рухани және материалдық құндылықтары туралы ұлағатты, құнды ойларын халық игілігіне, келешек ұрпақты, ел-жұртқа ие болар азаматтарды тәрбиелеуге неге қолданбасқа? Осы мақсатта МАД топтардың вариативтік компонентіне «Ұлттық тәрбие» тақырыбын алып отырмыз.

№	Ұйымдастырылған оқу қызметтері	Мақсаты	Әдіс-тәсілдер	Қажетті құралдар	Сағат саны
1	«Халық ауыз әдебиеті»	Балаларды халық ауыз әдебиеті түрлерімен таныстыру. Ауыз әдебиеті туралы түсініктерін қалыптастыру.	Түсіндіру, сұрақ-жауап.	Хрестоматия, тақырыпқа сай көрнекіліктер, ойынға қажетті материалдар.	1
2	«Мақал-мәтелдер әлемі»	Балаларға мақал-мәтелдер туралы түсінік беру. Мақал-мәтелдердің түрлерімен таныстыру. Оқу-білімге, адамгершілікке тәрбиелеу.	Түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелеу, ойын.	Мақал-мәтелдер жинағы, ойын құралдары.	1
3	«Жұмбақтар сыры»	Жұмбақтар туралы түсінік беру. Жұмбақ шешу кезінде ойлануға, салыстыра білуге үйрету. Ой-өрісін дамыту.	Түсіндіру, салыстыру, ойын.	Жұмбақтар жинағы, жқмбақтар шешу, суреттер.	1
4	«Жаңылтпаштар»	Балаларға жаңылтпаш туралы түсінік беру. Жаңылмай тез сөйлеуге дағдыландыру. Тілдің дыбыстық мәдениетіне тәрбиелеу.	Түсіндіру, сұрақ-жауап, қайталау, ойын.	Ойынға арналған құралдар.	1
5	«Ұлттық киімдер»	Қазақтың ұлттық киімдері туралы түсінік беру. Олардың ерекшеліктері туралы түсініктерін дамыту. Өз елін сүйуге тәрбиелеу.	Көрсету, түсіндіру, ойын.	Ұлттық киім суреті, үлестірмелі суреттер.	1
6	«Шапан мен камзол»	Шапан және камзолмен таныстыру. Екеуінің ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру. Ұлттық киімге деген қызығушылықтарын арттыру.	Түсіндіру, сұрақ-жауап, ойын.	Шапан, камзол суреттері, ойын құралдары.	1
7	«Ұлттық бас киім түрлері»	Ұлттық бас киім түрлерімен таныстыру. Олардың атауын білу. Ерлер мен әйелдердің бас киімдерін ажырата білу.	Таныстыру, көрсету, сұрақ-жауап, ойын.	Бас киімдер суреті, ойынға арналған құралдар.	1
8	«Ұлттық аяқ киім түрлері»	Ұлттық аяқ киім түрлерімен таныстыру. Аяқ киімдердің неден жасалатыны туралы түсінік қалыптастыру, атауларын білу. Еңбекке тәрбиелеу.	Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, ойын.	Аяқ киімдер суреті, ойынға арналған құралдар.	1

9	«Қазақтың тұрмыстық заттары»	Қазақтың тұрмыстық заттарымен таныстыру. Олардың қолданыстағы орны туралы түсінік беру. Халқын құрметтеуге тәрбиелеу.	Түсіндіру, сұрақ-жауап, жұмбақ жасыру.	Слайд материалдары.	1
10	«Төсеніш бұйымдары»	Адамның қолынан жасаған бұйым түрлерімен таныстыру. Текемет, түскиіз, сырмақ, алаша атауларын үйрету. Олардың айырмашылықтарын үйрету.	Түсіндіру, сұрақ-жауап, ойын.	Слайд материалдары.	1
11	«Жиһаз»	Қазақтың ұлттық жиһаз түрлерімен таныстыру. Кебеже, абажа, сандық, асадал атауларын үйрету. Ұлттық құндылықтарды қастерлеуге тәрбиелеу.	Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, жұмбақ жасыру.	Жиһаз суреттері.	1
12	«Қолөнер құралдары»	Қазақтың қолөнеріне байланысты пайдаланатын құрал түрлері туралы түсінік беру. Ұршық және оймақпен таныстыру. Ісмерлікке тәрбиелеу.	Көрсету, түсіндіру, ойын, жұмбақ жасыру.	Слайд материалдары, ойынға арналған құралдар.	1
13	«Ұлттық ойындар»	Ұлттық ойындар туралы түсінік беру. Қазақтың ұлттық ойындарымен таныстыру. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.	Түсіндіру, ойын.	Слайд материалдары, ойынға арналған құралдар.	1
14	«Ат үстінде ойналатын ұлттық ойындар»	Көкпар, аударыспақ, бәйге ойындарымен таныстыру. Олардың ерекшелігін, ойын ережесін үйрету. Батылдыққа тәрбиелеу.	Көрсету, түсіндіру, ойын.	Слайд материалдары, ойынға арналған құралдар.	1
15	«Асық ойыны»	Балаларды асық ойынымен таныстыру. Балаларды асық ойыны түрлерін және ережесін үйрету. Шапшаңдыққа тәрбиелеу.	Ойын түрлерін көрсету, ойын шартын түсіндіру.	Асықтың түрлері	1
16	«Тоғызқұмалақ ойыны»	Балаларды тоғызқұмалақ ойынымен таныстыру. Ойынның ережесін үйрету. Ақыл-ой қабілетін дамыту.	Көрсету, түсіндіру, ойын шартын түсіндіру.	Слайд материалдары	1
17	«Қазақтың ұлттық аспаптары»	Қазақтың ұлттық аспаптарымен таныстыру. Өз халқының мәдениетіне танымдық қызығушылықты және құрметпен қарауға тәрбиелеу.	Ойын, түсіндіру, көрсету, аудио жазба тыңдау.	Ұлттық аспаптар, аудио жазба материалдары	1
18	«Домбырамен Таныстыру»	Балаларды домбырамен және құрылысымен таныстыру. Домбыраның неден жасалатынын көрсетіп, жасалу жолдарын үйрету. Шығармашылыққа тәрбиелеу.	Көрсету, түсіндіру, домбыраның үнін тыңдату.	Домбыра аспабы, аудиожазба	1

19	«Қобызбен таныстыру»	Балаларды қобыз аспабымен таныстыру. Қобыздың ерекше үнін тыңдатып, өзге аспап үнінен ажыратуға үйрету. Өнерлі болуға тәрбиелеу.	Музыка тыңдау, түсіндіру	Қобыз суреті, қобыз аспабы.	1
20	«Қазақтың ұрмалы аспаптары»	Қазақтың ұрмалы аспаптарымен таныстыру. Олардың ерекшелік-тері туралы үйрету. Эстетикалық тәрбие беру.	Көрсету, түсіндіру, Ойын.	Слайд материалдар	1
21	«Ұлттық ыдыс-аяқтар»	Балаларды ыдыс-аяқ түрлерімен таныстыру. Оларды жасалу ерекшелігіне қарай ажырата білуге үйрету. Тазалыққа тәрбиелеу.	Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, ойын.	Ыдыс-аяқтар суреті, ойынға арналған құралдар.	1
22	«Саба және күбі»	Саба және күбі туралы білімдерін бекіту. Олардың жасалуымен және қолдану ерекшелігін таныстыру. Ұлттық тағамдарын қастерлеуге тәрбиелеу.	Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, салыстыру.	Саба және күбі суреті	1
23	«Торсық»	Балаларды торсықпен таныстыруды жалғастыру. Торсық туралы әңгімелей білуге үйрету. Шығармашылық қабілеттерін ұштау.	Көрсету, түсіндіру сұрақ-жауап, ойын.	Торсық суреті, дидактикалық материалдар.	1
24	«Кесе мен тостаған»	Кесе мен тостағанмен таныстыру. Олардың неден жасалатынын, қолданыстағы қызметі туралы түсінік қалыптастыру. Шеберлікке тәрбиелеу.	Көрсету, салыстыру, түсіндіру, ойын.	Суреттер, кесе мен тостаған, ойын құралдары.	1
25	«Салт-дәстүрлер»	Балаларды қазақтың салт-дәстүрлерімен таныстыру. Салт-дәстүрдің түрлерін үйрету. Өз халқының дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу.	Түсіндіру, сұрақ-жауап, ойын.	Слайд материал-дары, ойынға арналған тапсырмалар	1
26	«Жаңа туған нәрестеге арналған дәстүрлер»	Бесік той, қырқынан шығару, тұсау кесу дәстүрлерімен таныстыру. Дәстүрлердің тәрбиелік мәні туралы түсініктерін қалыптастыру.	Түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелесу, ойын	Суреттер, слайд материалдары	1
27	«Сәби балаға арналған дәстүрлер»	Ашамайға отырғызу, сүндет той, тілашар дәстүрлері туралы түсініктерін қалыптастыру. Олардың ерекшеліктері туралы түсінік беру.	Әңгімелесу, түсіндіру, сұрақ-жауап	Слайд материалдары, ойын тапсырмалар	1

28	«Бозбала мен бойжеткенге арналған дәстүрлер»	Сырға салу, құда түсу, беташар дәстүрлері, олардың ерекшеліктері туралы түсінік беру. Өз ата-бабаларының мәдени-рухани мұраларын қабылдау ниеттерін тәрбиелеу.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын	Слайд материал-дары, ойын тапсырмалар	1
29	«Ұлттық тағамдар»	Балаларды ұлттық тағамдармен таныстыру. Олардың түрлері туралы түсінік беру. Ұлттық тағамдардың қастерлеуге тәрбиелеу.	Түсіндіру, жұмбақтар шешу, сұрақ-жауап	Ұлттық тағам түрлері, суреттер	1
30	«Сүттен жасалған ұлттық тағамдар»	Сүттен жасалған тағам түрлерімен таныстыру. Олардың атауларын атап, ажырата білуге үйрету. Сүт тағамдарының пайдасын біліп, құрметтеуге тәрбиелеу.	Әңгімелесу, Сұрақ-жауап, түсіндіру	Сүт тағамдарының суреттері	1
31	«Еттен жасалған ұлттық тағамдар»	Еттен жасалған тағам түрлерімен таныстыру. Дайын тамақ өнімдерін ұлттық тағамдарды ажырата білуге үйрету. Ұлтын сүюге тәрбиелеу	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап.	Еттен жасалған ұлттық тағамдар суреті	1
32	«Ұннан жасалатын ұлттық тағамдар»	Ұннан жасалған тағам түрлерін таныстыру. Бауырсақты қалай пісіретінін әңгімелей білуге үйрету. Нанды қастерлеуге тәрбиелеу.	Түсіндіру, көрсету, ойын	Бауырсақ пісіру процесі слайд арқылы	1
33	«Киіз үймен таныстыру»	Балаларды қазақтың ұлттық баспанасы киіз үймен таныстыру Киіз үйдің түрлері туралы түсінік беру. Өз елінің дәстүрлерін сүйе білуге тәрбиелеу.	Әңгімелеу, түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап	Слайд материалдары	1
34	«Киіз үйдің сүйектерімен таныстыру»	Киіз үйдің сүйектерімен таныстыру. Оның құрылысы туралы түсінік беру. Балалардың дүниетанымын кеңейту.	Әңгімелесу, түсіндіру, көрсету. Сұрақ-жауап	Слайд материалдары	1
35	«Киіз үйдің киіздері»	Балаларды киіз үй киіздерімен оның атауларымен таныстыру. Балалардың есте сақтау қасиеттерін дамыту. Халқының асыл мұрасын қастерлеуге тәрбиелеу.	Көрсету, түсіндіру, Сұрақ-жауап	Суреттер	1
36	«Киіз басу өнерімен таныстыру»	Балаларды киіз басу өнерімен таныстыру. Ұлттық өнерге деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап	Слайд материалдары	1

Барлық сағат саны

36